

Қазақстан Республикасының аумағына радиоактивті заттар және басқа да сәулелелеуді иондау көздерін әкелу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 22 тамыз N 397

1. "Қазақстан Республикасындағы тауарлардың (жұмыстар, қызмет көрсетулер) экспорты мен импортының тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 наурыздағы N 298 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне Қазақстан Республикасының аумағына радиоактивті заттар және басқа да сәулелелеуді иондау көздерін әкелуге 1996 жылғы 24 маусымда жасалған тапсырыс-сұранымға сәйкес Беларусь Республикасы аумағынан сәулелелеуді иондаудың бір көзін - активтілігі 10 микрокюри 241 - аммерция (СЭҚ ТН коды - 2844.40 000) әкелуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі белгіленген тәртіппен лицензия берсін.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы жанындағы Атом энергиясы жөніндегі агенттікке жүктелсін.

Премьер-Министр